



8 | ЖАС ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАПСЫРУ

«Жастар біздің жарқын болашағымыз. Ел болашағы білімді жастар қолында!»

1.07.2024 ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Жас түлектерге» диплом тапсыру рәсімі өтті. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша өзінің үлгілі тәртібі мен оқуда озат болғаны үшін қызыл диплом иегерлеріне «Оқу озаты» медалі, оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, колледждің мәртебесінің өсуіне үлес қосқан және республикалық, облыстық жарыстарда өзінің белсенділігімен ерекшеленген жас түлектерге «Үздік түлек», «Үздік көшбасшы» және «Колледж мақтанышы» номинациялары, топ старосталарына алғыс хаттар және 78 түлекке «үздік» диплом, 569 түлекке «үздіксіз» диплом тапсырылды. Сондай-ақ, әрбір білім беру мекемелерінің үлкен жетістікке жетуіне себепші болатын жанашыр, қамқор ата-аналарға алғыс хаттар берілді.



Құрметті жас түлек!
Сізге жарқын болашақ және ақ жол тілейміз! Жамбыл жоғары медициналық колледжі қабырғасында алған біліміңізбен егемен еліміздің өркендеп дамуына елеулі үлес қосып, биіктен көрінуіңізге тілектеспіз!

9 | ҚОРЫТЫНДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

02.07.2024 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде қорытынды педагогикалық кеңес өткізілді.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2023 – 2024 оқу жылындағы орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмысының сараптамасы мен қорытындысы.

Жауапты: орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің меңгерушісі: Жасұзақ М.

2. 2023 – 2024 оқу жылындағы оқу – әдістемелік жұмысының сараптамасы мен қорытындысы.

Жауапты: Оқу – әдістемелік кабинет меңгерушісі: Мейрманова Л.К.

3. Күндізгі бөлім «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» мамандықтары бойынша диплом алдындағы тәжірибенің қорытындысын сараптау.

Жауапты: директордың оқу – тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Андакулова Қ.Т.

4. Күндізгі бөлім «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» мамандықтары бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысын сараптау.

Жауапты: директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Куанышбекова Л.Т.

5. Әртүрлі

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ж.М. Оспанованың Алғыс хатымен колледж директоры және келесі оқытушылар медицина қызметкерлері күніне орай марапатталды: Сарыбекова Ж.Н., Куанышбекова Л.Т., Айдабосынова Ж.Н., Абдраймова Н.Ж., Турдалиев Д.И.

2023 – 2024 оқу жылының қорытындысы бойынша келесі оқытушылар номинациялармен марапатталды:

1. «Үздік оқытушы -2024» номинациясымен Токташева Жаннат Абзелбековна;

2. «Үздік жас маман -2024» номинациясымен Сыдыман Әсель Оразбековна;

3. «Үздік куратор –2024» номинациясымен Абдалимова Зура Искаковна;

4. «Үздік бөлім -2024» номинациясымен Айдралиева Асель Болатовна;

5. «Үздік ЦӘК -2024» номинациясымен Турсынбаева Роза Кеншиликовна;

6. «Үздік тәлімгер -2024» номинациясымен Ахметова Ұлбосын Молдахановна;

7. «Үздік ашық сабақ -2024» номинациясымен Надилов Абылай Мамбетович;

8. «Үздік байқау -2024» номинациясымен Парманова Алтынай Тамбесовна;

9. «Үздік тәрбие сағаты -2024» номинациясымен Буксукбаева Айман Ануарбековна;

10. «Үздік үйірме жетекшісі -2024» номинациясымен Құдайбергенова Айсулу Кенжебековна;

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Мемлекеттік рәміздер – Ұлт мақтанышы», «Халық ақыны, әнші, сазгер Кенен Әзірбаевтың 140 жылдығы», «ЖИТС-ғасыр індеті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

3 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік кеңес өтті.

5 | АЙМАҚТЫҚ СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

«Стоматологиядағы мейіргердің құзыреттілігі», «Жүкті әйелдер мен ерте жастағы балалар патронажының эмбеап прогрессивті моделі» тақырыбында біліктілікті арттыру циклы өтті.

7 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

«Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.

2 | АШЫҚ САБАҚ

№2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Асанова Ұ.Х., №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушысы Бейшенев С.С. сынамалы ашық сабақ өткізді.

4 | ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ

«Жарқыра, жаса, жас маман!» тақырыбында жас мамандар арасында «Үздік жас маман -2024» байқауы өтті. көрсету, бағыт –бағдар беру мақсатында «Жас мамандар» мектебінің кезекті отырысы өтті.

6 | КЕЗДЕСУ

№ 2 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушылардың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «Туберкулезге қарсы күрес» тақырыбында мамандармен кездесу өтті.

8 | ЖАС ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАПСЫРУ

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша «Жас түлектерге» диплом тапсыру рәсімі өтті.





1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



04.06.2024ж, күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Емдеу ісі» бөлімінің 239 ЕФ-9/21 топ студенттерімен «Мемлекеттік рәміздер – Ұлт мақтанышы» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын өтті. Ашық тәрбие сағатында Отанға деген сүйіспеншілігін

арттыру мақсатында «Туған ел», «Қазақ ел», «Көк тудың желбірегені», әндері айтылып, Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін айтты, Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту, халқына адал қызмет ету, елінің рәміздерін қастерлеу қасиеттері арқылы сүйіспеншілік жалпыадамзаттық құндылығына тәрбиелеу.

Жауапты: Топ кураторы Тлеуова М.К

06.06.2024 ж.күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 117 ЕФ-9/23 тобымен кураторы Омарбаева В.Е «Халық ақыны, әнші, сазгер Кенен Әзірбаевтың 140 жылдығы» тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты: Кенен Әзірбаевтың алтын мұра шығармашылығын студенттерге дәріптеу және болашақ ұрпаққа насихаттау.



14.06.2024ж Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Емдеу ісі» бөлімінің 224ЕФ-9/22 тобы студенттерімен топ кураторы Рахмаш Жанкелді Нұртуғанұлы «ЖИТС - ғасыр индети» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстану, физикалық белсенді болу, жан мен тән тазалығын сақтау, жасампаз, ізденімпаз тұлға болу.

2 | АШЫҚ САБАҚ



06.06.2024 ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Асанова Ұ.Х. "Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры" 136 ҚБ-11/23 тобымен, «Фармакология, фармакотерапия және

медициналық калькуляция» пәнінен «Миометрияның тонусы мен жиырылу белсенділігіне әсер ететін дәрілер» тақырыбы бойынша сынамалы сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Миометрияға әсер ететін дәрілер туралы жалпы түсінік беру, олардың жіктелуі, препараттары, әсері, қолданылуы, қолдануға қарсы

көрсеткіштері, жағымсыз әсерлерімен таныстыру, медициналық практикада қолдануға арналған препараттарды ұтымды және тиімді тандауды, берілген препараттардың рецептте жазылуын, оқылуын үйрету.



11.06.2024 жылы №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушысы Бейшенев Сағи С а б ы р ұ л ы «Дене шынықтыру» пәнінен «Мейіргер ісі» 107 ЕФ-9/23 топ студенттерімен, «Ауыспалы жүгіру (3x10)» тақырыбы бойынша

сынамалы сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаттары: Денені сауықтыру мақсатында, студенттердің кимыл-әрекет қасиеттерінің үйлесімділігін толық жетілуін қамтамасыз ете отырып, түрлі жаттығуларды орындау кезінде, жылдамдыққа, шыдамдылыққа үйрету.

3 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

07.06.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік кеңес өтті.

Күн тәртібінде:

1. Студенттерге этика және деонтология бағыты бойынша тәрбие беру.

Жауапты бөлім меңгерушісі Жапаркулова Ф.К.

2. "Мейіргер ісі" мамандығында "Хирургиядағы мейіргер ісі" пәнінің оқытылуымен білім сапасы.

Жауапты бөлім меңгерушісі Ескебекова З.С.

3. Барлық мамандықтар бойынша облыс мектептерінде кәсіптік бағыт беру жұмыстарын жүргізу, түлектердің жұмыспен қамтылуының сараптамасы.

Жауапты Артықова Л.А.



4 | ҮЗДІК ЖАС МАМАН-2024 БАЙҚАУЫ

10.06.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде оқу- әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Жарқыра, жаса, жас маман!» тақырыбында жас мамандар арасында «Үздік жас маман - 2024» байқауы өтті.

Байқау кезеңдері:

I кезең –Тестілеу;

II кезең –Таныстыру;

III кезең – Мобильді қосымшаны немесе прототипін әзірлеу;

IV кезең –«Өз жұлдызыңды жақ» шығармашылық кезең.

Байқау нәтижесі:



I дәрежелі дипломмен Сыдыман Асель Оразбековна, II дәрежелі дипломмен Шыныбеков Нұркелді Ерғалиұлы, III дәрежелі дипломмен Юсупова Нұргүл Темірбековна, «Шығармашыл маман» номинациясымен Тлеуова Мереке Қабылбекова,

«Ізденімпаз маман» номинациясымен Батанова Ақерке Ерлановна,

«Үздік портфолио» номинациясымен Тұрматов Ғазиз Нұрлыбекович марапатталды.



5 | АЙМАҚТЫҚ СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ



«Аймақтық симуляциялық орталығымен біліктілікті арттыру бөлімінде» 3.06-18.06.2024ж. аралығында «Стоматологиядағы мейіргердің құзыреттілігі» - 120 сағат/ 4 кредит біліктілікті арттыру циклі өтуде. Сабақтың өту орны: Ж а м б ы л о б л ы с т ы қ стоматологиялық емханасы.

Оқытушы: Нурмағанбетова С.Н.

«Аймақтық симуляциялық орталығымен біліктілікті арттыру бөлімінде» 17.06-2.07.2024ж. аралығында «Жүкті әйелдер мен ерте жастағы балалар патронажының әмбебап прогрессивті моделі» - 120 сағат/ 4 кредит біліктілікті арттыру циклі өтуде. Сабақтың өту орны: №5 Қалалық емхана. Оқытушы: Турмысова Ф.Д.



6 | КЕЗДЕСУ

17.06.2024 жыл Жамбыл жоғары медициналық колледжінде №2 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушыларының ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «Туберкулезге қарсы күрес» тақырыбында мамандармен кездесу өтті.

Іс-шараның мақсаты: Туберкулез ауры жайлы жалпы мағұлмат. Туберкулез ауруының жұғу жолдары, таралуы, емі және алдын-алу шаралары. Студенттердің сана-сезімдерін ояту, өз денсаулықтарын сақтаудың маңыздылығын, жеке бас гигиенасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ салуын, санитарлық - гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру, дамыту.



8 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

«Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы»

10.06.2024 жылы №1 әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен Кәсіби еңбек тәрбиесі бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Медицина қызметкерінің күніне орай «Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.



Мерекелік іс шара барысында алғашқы құттықтау сөзді Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна колледжіміздің медицина саласының қызметкерлерімен мерекелерімен құттықтап,сөз алды. "Жамбыл облысы мейіргер ісі мамандарының кәсіби бірлестігі" ҚБ Токташева Жанат Абзалбековна

Науқастарға медициналық көмек көрсетудегі жемісті еңбегі, қосқан зор үлесі және ізгілік, адамгершілік, абырой үшін «Шарапат» атты төсбелгісімен марапатталып, куәлік берілді.

Сондай ақ бірқатар оқытушылар алғыс хатпен, сыйлықтармен марапатталды: Тулегенова Ұ.Б., Дүйсембаева Ұ.Е., Коконбаева А.К., Даулетов А.М., Назар Д.К., Махатова А.Б., іс шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Құрметті Жамбыл жоғары медициналық колледжінің медицина саласының қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, қазақстандықтардың денсаулығын жақсартуға үлес қосып, орта буын медицина қызметкерлерін дайындау жолында жасап жатқан еңбектеріңізге бас иеміз! Ерең еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін! Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілейміз!

